

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Ультраметаморфизмнің ең басты процестері
 - A) Грейзендену, анатексис, палингенез
 - B) Аллотигендік, граниттену, кварциттену
 - C) Палингенез, импактит, граниттену
 - D) Анатексис, палингенез, граниттену
 - E) Аутигендік, аллотигендік, импактит

2. Жер асты суы түзетін пайдалы қазбалар
 - A) Хром, алтын, платина, марганец
 - B) Марганец, кремнийлі туфтар
 - C) Сирек металдар, асылтастар, темір
 - D) Ас тұзы, темір, марганец, кремнийлі туфтар
 - E) Мұнай, газ, қоңыр көмір, ас тұзы

3. Батпақтың түрлері
 - A) Антрацит, қалқыма, өтпелі
 - B) Өтпелі, шымтезекті, сапропель
 - C) Ойпаңдық, қалқыма, өтпелі
 - D) Өсімдік шіріндісі, шымтезек, өтпелі
 - E) Шымтезекті, өсімдік шіріндісі, қалқыма

4. Метаморфизм процесін туғызушы жағдайлар
 - A) лава, флюидтер, химиялық ерітінділер
 - B) температура, магма, химиялық элементтер
 - C) қысым, химиялық белсенді заттар, температура
 - D) гидротермалдық сұйықтар, температура, қысым
 - E) температура, химиялық компоненттер, лава

5. Экватор бойымен шығыстан батысқа қарай соғатын тұрақты желдің атауы

- A) Экватор желі
- B) Муссон
- C) Бриз
- D) Пассат
- E) Батыс желі

6. Мұхиттың жарық жақсы түсетін белдемі

- A) Литорал
- B) Эвфотиялық
- C) Сублиторал
- D) Дисфотиялық
- E) Афотиялық

7. Түйірлерінің пішіндері бойынша ажыратылатын құрылым

- A) Бұрыс пішінді, гипидиоморфты, пегматоидты
- B) Аллотриоморфты, идиоморфты, дұрыс пішінді
- C) Гипидоморфты, идиоморфты, аллотриоморфты
- D) Гипидиоморфты, порфирлі, шынылы
- E) Дұрыс пішін, аллотриоморфты, офирлі

8. Шөгінді таужыныстар қалыптасуының бастапқы материалы жаралуынан бастап, шөгінді таужынысқа айналуымен аяқталатын процесті қалай атаймыз?

- A) Диагенез
- B) Катагенез
- C) Гипергенез
- D) Литогенез
- E) Седиментогенез

9. Мору процесінде таужыныстардың жарықтарындағы судың қатуы және еруі нәтижесінде қирауы

- A) Физикалық
- B) Аяздық
- C) Органикалық
- D) Химиялық
- E) Температуралық

10. Негізді интрузиялық таужыныстармен байланысты кендер

- A) Мыс, никель, платина
- B) Ильменит, хромит, алмас
- C) Апатит, нефелин, циркон
- D) Түсті металдар, текті металдар
- E) Асыл тастар, сирек металдар

